

НҮРЛЫ ЖОЛ


1991 жылдың 10 январынан
шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№98 (3363), сенбі,
6 декабрь, 2025 жыл

ӨЗБЕКСТАНДА ІРІ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ НЫСАНДАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ, ЖАҢАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 5 декабрь күні жаңа энергетикалық нысандар мен инфрақұрылым нысандарын іске қосуға және жаңаларының құрылысын бастауға арналған салтанатты рәсімге қатысты.



Шараға Біріккен Араб Әмірліктерінің энергетика және инфрақұрылым министрі Сухайл ал-Мазруий, Түркия Республикасының энергетика және табиғи ресурстар министрі Алпарслан Байрақдор, Әзербайжан Республикасының энергетика министрі Парвиз Шахбозов, Кыргыз Республикасының энергетика министрі Таалайбек Ибраев, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, Еуропа тіктелу және даму банкі, Азия даму банкі, Азия инфрақұрылымдық инвестиция банкі, Ислам даму банкі және басқа да қаржы институттарының, “ACWA Power” (Сауд Арабиясы), “Akso Enerji”, “Cengiz Enerji” (Түркия), “Masdar” (БАӘ), “China Energy”, “Datang”, “Sinoma”, “Poly”, “CNTIC”, “Eagle Rise” (Қытай), “EDF”, “Volitalia”, “TotalEnergies” (Франция),

“Siemens Energy” (Германия) және “Nebras Power” (Катар) компанияларының өкілдері қатысты.

Жаңа нысандар — құны шамамен 11 миллиард доллар болатын 42 электр энергиясын өндіру, сақтау қуаттары және басқа да инфрақұрылым нысандары — еліміздегі ұлттық энергетика саласының әлеуетін нығайтудың кең ауқымды стратегиясының бөлігі болып табылады.

Олардың қатарына Каракалпақстан, Бұхара, Қашқадария және Ташкент облыстарында жалпы қуаты 3 мың 500 мегаватт болатын 16 күн, жел, жылу және су электр станциялары кіреді, олардың жалпы құны 3,3 миллиард долларды құрайды.

Толық іске қосылған кезде олар жылына 15 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді.

Нәтижесінде, келесі жылы “жасыл” энергия өндірісінің көлемі 23 миллиард киловатт-сағатқа жетеді. Бұл қуаттар Өзбекстан халқының жылдық электр энергиясын тұтынуын толығымен жабады.

Ең бастысы, таза энергияның арқасында табиғи газды тұтыну шамамен 7 миллиард текше метрге азаяды. Атмосфераға 11 миллион тонна зиянды заттардың түсуіне жол берілмейді.

Пайдалануға тапсырылған жобалардың қатарында қуаты 1 мың 245 мегаватт болатын 10 энергия сақтау жүйесі бар. Бұл энергия тұтынуының тығыз кезеңінде желіге қосымша 1,5 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын жеткізуге мүмкіндік береді.

Пайдалануға тапсырылып жатқан

11 ірі қосалқы станция және 420 шақырым жоғары вольтты желілер жүйенің тұрақты жұмысына қызмет етеді.

Жылына 15 мың трансформатор шығаратын жаңадан құрылған “Angren Energo” және 155 гидроагрегат шығаратын “Uzhydropower” кәсіпорындары экономикамызға маңызды үлес қосады.

Мемлекет басшысы шарадағы сөзінде бұл тарихи оқиға Өзбекстаның тұрақты дамуына қарай тағы бір іс жүзіндік қадам болатынына сенім білдірді.

— Бүгінде қарқынды дамып келе жатқан экономикамызбен халықтың сұранысына және қажеттіліктеріне сүйене отырып, энергетика жүйесінде ірі реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Біз бұл бағыттағы негізгі

міндет ретінде екі маңызды мақсат қойдық. Біріншісі — барлық салалар мен аумақтар үшін сенімді және үздіксіз энергиямен жабдықтауды орнату. Екіншісі — бұл жоспарды заманауи, экологиялық таза және жаңартылатын балама көздер есебінен жүзеге асыру, — деді Президент.

Соңғы жылдары энергетика жүйесіне 35 миллиард долларлық шетелдік инвестиция тартылып, 9 мың мегаватт жаңа қуаттар іске қосылғаны атап өтілді.

Нәтижесінде электр энергиясын өндіру көлемі 2017 жылғы 60 миллиард киловатт-сағаттан биыл 85 миллиард киловатт-сағатқа дейін өсті.

Атап айтқанда, шамамен 5 мың мегаватт күн және жел электр станциялары, 400 мегаватт су электр

станциялары іске қосылды. Жалпы генерациялық қуаттағы “жасыл” энергияның үлесі биыл 30 пайызға дейін арттады.

Сонымен қатар, жеке секторда, үй шаруашылықтарында және әлеуметтік сала нысандарында 2 мың мегаватт шағын күн батареялары орнатылды. Олар биыл қосымша 2 миллиард киловатт-сағат баламалы энергия өндірді. Сонымен қатар, еліміз бойынша 69 мың шақырым электр желілері, 14 мың трансформатор және жоғары вольтты қосалқы станциялар жаңартылды.

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі суреттері.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ “ТҰРАҚТЫ ЭНЕРГЕТИКА – ЖАҢА ӨЗБЕКСТАННЫҢ БОЛАШАҚҚА ҚАРАЙ СЕНІМДІ ҚАДАМЫ” ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КОНФЕРЕНЦИЯДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті достар!

Ханымдар мен мырзалар!

Бүгін сіздермен ірі генерациялық қуаттарды іске қосу және жаңаларына старт беру рәсімін кездескеніме өте қуаныштымын.

“Тұрақты энергетика — Жаңа Өзбекстанның болашаққа қарай сенімді қадамы” деп аталатын конференциямыз тек энергетика саласын дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар еліміздің тұрақты дамуы үшін тағы бір үлкен іс жүзіндік қадам болатынына сенімдімін.

Бүгінде жылдам дамып келе жатқан экономикамыз және халықтың сұранысы мен қажеттіліктеріне сүйене отырып, энергетика жүйесінде ірі реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Біз осы бағытта екі маңызды мақсатқа жетуді өзімізге басты міндет етіп қойдық.

Біріншісі, барлық салалар мен аумақтар үшін сенімді және үздіксіз энергиямен қамтуды жолға қою.

Екіншісі, бұл жоспарды заманауи, экологиялық таза және жаңартылатын балама көздер есебінен жүзеге асыру.

Айта кету керек, соңғы жылдары энергетика жүйесіне 35 миллиард доллар шетелдік инвестиция тартылып, 9 мың мегаватт жаңа қуаттар іске қосыл-

ды. Нәтижесінде электр энергиясын өндіру көлемі 2017 жылғы 60 миллиард киловатт-сағаттан биыл 85 миллиард киловатт-сағатқа дейін өсті. Маңызды жағы сол, шамамен 5 мың мегаватт күн және жел электр станциялары, 400 мегаватт су электр станциялары іске қосылды. Жалпы генерация қуатындағы “жасыл” энергияның үлесі биыл 30 пайызға дейін арттады.

Бұдан тыс, жеке секторда, үй шаруашылықтарында және әлеуметтік сала нысандарында 2 мың мегаватт шағын күн батареялары орнатылды. Олар биыл қосымша 2 миллиард киловатт-сағат балама энергия өндірді. Сондай-ақ, аумақтарда 69 мың шақырым электр желілері, 14 мың трансформатор және жоғары вольтты қосалқы станциялар жаңартылды.

Саладағы мұндай өзгерістер жергілікті кәсіпорындардың дамуына да үлкен серпін беруде. Жыл басынан бері бұл кәсіпорындар жаңадан салынған электр станциялары мен желілеріне 700 миллион долларлық құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын, кабельдік арналарды, электр жабдықтарын жеткізіп, жобалау, инженерлік және құрылыс қызметтерін көрсетті.

Бір ғана мысал. Нарын каска-

ды су электр станциясының алғашқы 38 мегаватт су электр станциясы толығымен жергілікті өнімдерді пайдаланып іске қосылды.

Саланың дамуына қызмет ететін құрылыс, электротехника және қызмет көрсету кәсіпорындарымыз болашақта халықаралық стандарттарға сай келетін ірі ұлттық компанияларға айналатынына сенімдімін.

Осы тұрғыдан алғанда, бүгін іске қосылып, жылына 15 мың трансформатор шығаратын “Angren Energo” және 155 гидроагрегат шығаратын “UzHydroPower” кәсіпорындарының болашағы зор деп айту дұрыс болар еді.

Құрметті қонақтар!

Сіздер сияқты әлеуетті инвесторлар мен сенімді серіктестер энергетика саласындағы қол жеткізіп жатқан үлкен мәселеріміз бен жетістіктерімізге теңдесіз үлес қосып отыр.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, елімізге айтарлықтай инвестиция салып, ең озық технологияларды әкеліп жатқан Біріккен Араб Әмірліктерінің энергетика және инфрақұрылымдар министрі Сухайл ал-Мазруий мырзаға, Түркия Республикасының энергетика және табиғи ресурстар министрі Алпарслан Байрақдор мырзаға, Әзербайжан Республикасының энергетика

ка министрі Парвиз Шахбозов мырзаға және Кыргыз Республикасының энергетика министрі Таалайбек Ибраев мырзаға шын жүректен алғысымды білдіремін.

Сондай-ақ, Сауд Арабиясының “ACWA Power”, Түркияның “AKSA”, “Cengiz Enerji”, Біріккен Араб Әмірліктерінің “Masdar”, Қытайдың “China Energy”, “Datang”, “Sinoma”, “Poly”, “CNTIC”, “Eagle Ray”, Францияның “EDF”, “Volitalia”, “Total Energies”, Германияның “Siemens Energy” және Катардың “Nebras” компанияларына, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, Еуропа тіктелу және даму банкі, Азия даму банкі, Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі, Ислам даму банкі және басқа да қаржы институттарының өкілдеріне терең алғысымды білдіргім келеді.

Құрметті достар!

Бүгін сіздермен бірге саланың дамуына айтарлықтай үлес қосатын шамамен 11 миллиард долларлық 42 жаңа қуат және инфрақұрылымдық нысанды іске қосамыз. Тағы 21 жаңа жобаның құрылысына старт береміз. Атап айтқанда, аумақтарымызда жалпы қуаттылығы 3 мың 500 мегаватт болатын 16 күн, жел, жылу және су электр станциялары іске қосылады.

(Жалғасы 2-бетте.)

ШЕТЕЛДІК ДЕЛЕГАЦИЯЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 5 декабрь күні жаңа энергетика қуаттарын іске қосуға және кезектегілерін құруға арналған салтанатты шара аясында Біріккен Араб Әмірліктерінің энергетика және инфрақұрылымдар министрі Сухайл ал-Мазруий, Түркия Республикасының энергетика және табиғи ресурстар министрі Алпарслан Байрақдор басшылығындағы делегацияны, Әзербайжан Республикасының энергетика министрі Парвиз Шахбозовты, Кыргыз Республикасының энергетика министрі Таалайбек Ибраевты, Қытай Халықаралық коммуникация орталығының төрағасы Лун Юйсяньды, Қытайдың жетекші компанияларының басшыларын, сондай-ақ Өзбекстан — Сауд Іскерлік кеңесінің төтарағасы, “ACWA Power” компаниясының басшысы Мухаммад Абунайян басшылығындағы Сауд Арабиясы компанияларының делегациясын қабылдады.

Біріккен Араб Әмірліктерінің энергетика және инфрақұрылым министрі Сухайл ал-Мазруий бастаған делегациясымен кездесуде БАӘ-нің “Masdar” компаниясының басшысы Мухаммед Жамил ал-Рамахи, “Etihad Water & Electricity” компаниясының басшысы Юсуф ал-Али және “TAQA Water Solutions” компаниясының басшысы Ахмед ал-Шамси де қатысты. Кездесу басында министр еліміздің басшысына БАӘ Президенті Шейх Мұхаммед Ол-Нахаянның, Премьер-министрі, Дубай әмірі Шейх Мұхаммед Ол-Мактумның, вице-президенті Шейх Мансур Ол-Нахаянның және Абу-Дабі әмірлігінің тақ мұрагері Шейх Халид Ол-Нахаянның сәлемін жеткізді.

Өзбекстан мен БАӘ арасындағы достық және стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

Ынтымақтастықтың барлық салаларда қарқынды дамып келе жатқаны қанағат-

танушылықпен атап өтілді. Тауар айналымының көлемі, бірлескен кәсіпорындар мен әуе рейстерінің саны тұрақты түрде артып келеді. Жобалар портфелі 20 миллиард долларға жетті.

Көлік-логистика, азық-түлік, тау-кен және металлургия, энергетика және басқа да басым салалардағы жобаларды дайындау және ілгерілету шаралары қарастырылды.

Соңғы жылдары тек “Masdar” компаниясының көмегімен Өзбекстанның энергетика саласында 1,5 миллиард долларлық 6 жоба жүзеге асырылды.

Бүгін Бұхара облысында тағы бір күн электр станциясы мен энергия сақтау жүйесі іске қосылды, ал Қашқадария облысында құны 600 миллион доллардан астам осындай нысандардың құрылысы басталды.

(Жалғасы 2-бетте.)

ӨЗБЕКСТАНДА ІРІ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ НЫСАНДАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ, ЖАҢАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Саладағы мұндай өзгерістер жергілікті кәсіпорындардың дамуына да үлкен серпін беруде. Жыл басынан бері бұл кәсіпорындар жана-дан салынған электр станциялары мен желілеріне 700 миллион долларлық құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын, кабельдік арналарды, электр жабдықтарын жеткізіп, жөбалау, инженерлік және құрылыс қызметтерін көрсетті.

Мысалы, Нарын каскады су электр станциясының алғашқы 38 мегаватт су электр станциясы толығымен жергілікті өнімдерді пайдаланып іске қосылды.

Мемлекетіміз энергетика саласындағы үлкен мәселер мен жетістіктерге еліміздің инвесторлары мен халықаралық серіктестерінің теңдессіз үлесін атап өтті.

Өзбекстан басшысы алдағы 5 жылда мындаған өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық нысандар пайдалануға берілетінін және 150 миллиард доллардан астам шетелдік инвестициялар есебінен жоғары тиімді жұмыс орындары құрылатынын мәлімдеді.

ІТ, жасанды интеллект және “заттар интернеті” си-

яқты жана салалардағы компаниялар үшін тартымды орта жасау үшін заманауи суперкомпьютерлік кластерлер мен деректер орталықтарының санын көбейту жоспарлануда.

Осы мақсатта Сауд Арабиясының “DataVolt” компаниясы 3 миллиард долларлық инвестициямен 500 мегаватт қуаттылықтағы деректер орталығын салу жобасын іске қосты.

Мұндай ауқымды жұмыстар электр энергиясына деген сұраныс пен қажеттілікті кем дегенде 1,5 есеге арттырады. Сондықтан Президент жақын болашаққа арналған жоспарларға тоқталды.

Біріншіден, электр энергиясына деген өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін 2030 жылға қарай 17 мың мегаваттан астам қосымша жанартылатын энергия қуаты іске қосылады. Нәтижесінде жалпы өндірістегі “жасыл” энергияның үлесі 54 пайызға дейін артады.

Жаңа қуаттарды бірыңғай энергетикалық жүйеге қосу үшін 6 мың шақырым жоғары вольтты желілер салынады. Атап айтқанда, келесі жылы 1 мың шақырым желілер салынып, қосалқы станцияларда 6 мың мегаватт қосымша қуат жасалады.

Екіншіден, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде шетелдік инвестицияларды тартуды кеңейту. Биылдан бастап жекеменшік серіктестік қағидаттары тек электр энергиясын өндіруге ғана емес, сонымен қатар оны тұтынушыларға жеткізуге де қолданылады.

Атап айтқанда, Түркияның “Aksa Elektrik” компаниясы мен Самарканд аумақтық электр желілерін жеке басқаруға беру туралы келісімге қол жеткізілді.

Бұл компания жоба аясында желіні жедел басқаруды өз мойнына алады, желілерге инвестиция салады, жаңғыртады және шығындарды біртіндеп 2 есеге азайтады. Нәтижесінде жыл сайын орта есеппен 20 миллион доллар үнемделеді.

Осындай тәжірибеге сүйене отырып, келесі жылы инвесторларға Жызақ және Сырдария облыстарының, ал 2027 жылы Наманған және Ташкент облыстарының электр желілерін басқару ұсынылады.

Үшіншіден, халықтың баламалы энергия көздерін пайдалануын белсенді түрде қолдау.

Жаңа жылда халықпен кооперация арқылы 300 махалла аумағында 107 мегаватт күн электр станцияла-

ры орнатылады. Бұл әлеуметтік жоба 30 мың кембағал отбасын “жасыл” энергиямен қамтамасыз етеді. Олар желіге артық электр энергиясын беру арқылы табыс табады.

Биыл еліміздегі кәсіпкерлер 40 мегаватт шағын және микро ГЭС-тер салды. Нәтижесінде 120 миллион киловатт-сағат электр энергиясы өндіріліп, олар қосымша табыс көзін алды.

Келесі жылы тағы 65 мегаватт шағын және микро ГЭС-тер салынады. Осы жобалардың арқасында 80 мың үй шаруашылығын электр энергиясымен қамтамасыз ету түбегейлі жақсарады.

Төртіншіден, жақында Бразилияда өткен COP-30 климаттық конференциясында еліміз Париж келісімі бойынша өз бастамасымен маңызды міндеттеме алды: ол 2035 жылға қарай Өзбекстандағы зиянды газдар эмиссиясын 50 пайызға азайтуға бағытталды.

Осыған байланысты Дүниежүзілік банкпен бірлесіп әлемдегі алғашқы инновациялық “iCRAFT” жобасы іске қосылды. Оның аясында Өзбекстан азайтқан 23 миллион тонна парниктік газдар ескерілді. Халықаралық көміртегі бірліктің саудасы басталды.

ӨЗА

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ “ТҰРАҚТЫ ЭНЕРГЕТИКА – ЖАҢА ӨЗБЕКСТАННЫҢ БОЛАШАҚҚА ҚАРАЙ СЕНІМДІ ҚАДАМЫ” ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КОНФЕРЕНЦИЯДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Олар толық қуатта жұмыс істей бастағанда, жылына 15 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді. Нәтижесінде, келесі жылы біз “жасыл” энергия өндірісінің көлемін 23 миллиард киловатт-сағатқа дейін арттырамыз. Назар аударыңыздар, бұл — Өзбекстан халқының жылдық электр энергиясын тұтыну толығымен қамтылатынын білдіреді.

Ең бастысы, таза энергияның арқасында табиғи газды тұтыну шамамен 7 миллиард текше метрге азаяды. Атмосфераға 11 миллион тонна зиянды заттардың шығарылуына жол берілмейді.

Бүгін біз сондай-ақ қуаты 1 мың 245 мегаватт болатын 10 энергия сақтау жүйесін іске қосып жатырмыз. Бұл бізге энергия тұтыну ең жоғары болған кездегі тығыз кезеңде желіге қосымша 1,5 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын беруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жүйені тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін 11 ірі қосалқы станция және 420 шақырым жоғары вольтты желілер пайдалануға берілуде.

Құрметті шараға қатысушылар! Өріне, біз қол жеткізген нәтижелермен тоқтап қалмаймыз. Алдағы 5 жылда 150 миллиард доллардан астам шетелдік инвестициялар есебінен мындаған өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық нысандарды іске қосып, жоғары тиімді жұмыс орындарын құрамыз.

Халыққа жайлы жағдай жасау үшін “Жаңа Өзбекстан” массивтерінде және басқа да аумақтарда 800 мыңнан астам пәтерлі, энергия үнемдейтін көпқабатты үйлер салынады.

ІТ, жасанды интеллект және “заттар интернеті” сияқты жаңа салалардағы компаниялар үшін тартымды орта жасау үшін заманауи суперкомпьютерлік кластерлер мен де-

ректөр орталықтарының санын көбейтеміз.

Сауд Арабиясының “DataVolt” компаниясы 3 миллиард доллар инвестициямен 500 мегаватт дата-орталығын салу жұмыстарын бастағанын атап өткім келеді.

Мұндай ауқымды жұмыстар электр энергиясына деген сұраныс пен қажеттілікті кем дегенде 1,5 есеге арттырады. Сондықтан мен жақын болашаққа арналған жоспарларымызға қысқаша тоқталамын.

Біріншіден, 2030 жылға қарай электр энергиясына деген өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін 17 мың мегаватттан астам қосымша жанартылатын энергия қуаты іске қосылады.

Нәтижесінде, жалпы генерациядағы “жасыл” энергия үлесін 54 пайызға дейін арттырамыз. Бүгінде Қарақалпақстан Республикасында, Бұхара, Қашқадария және Ташкент облыстарында құны 3 миллиард 300 миллион доллар болатын 3,5 мың мегаватт “жасыл” қуаттылықтың іске қосылуы осы бағыттағы маңызды қадам болады.

Жаңа қуаттарды бірыңғай энергетикалық жүйеге қосу үшін 6 мың шақырым жоғары вольтты желілер салынады. Атап айтқанда, келесі жылы 1 мың шақырым желілер салынады, ал қосалқы станцияларда 6 мың мегаватт қосымша қуат құрылады.

Екіншіден, электр энергиясын өндіру бағытындағы реформаларымыздың нәтижесінде біз мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде салаға тікелей шетелдік инвестицияларды тартуда мол тәжірибе жинақтадық.

Биыл жекеменшік серіктестік қағидаттарын тек электр энергиясын өндіруге ғана емес, сонымен қатар оны тұтынушыларға жеткізуде де қолдана бастадық. Атап айтқанда, Түркияның “Akса Electric” компаниясымен Самарканд аумақтық электр желісін жеке басқаруға беру туралы келісімге келдік. Бұл

компания жоба аясында электр желісін жедел басқаруды өз мойнына алады, инвестиция салады, желіні жаңғыртады және шығындарды біртіндеп 2 есеге азайтады. Нәтижесінде жыл сайын орта есеппен 20 миллион доллар үнемделеді.

Осы тәжірибеге сүйене отырып, келесі жылы инвесторларға Жызақ және Сырдария облыстарының, ал 2027 жылы Наманған және Ташкент облыстарының электр желілерін басқаруды ұсынамыз.

Үшіншіден, халықтың баламалы энергия көздерін пайдалануын қолдау бойынша жұмысымызды жалғастырамыз.

Жаңа жылда Қытай тәжірибесіне сүйене отырып, халықпен кооперация арқылы 300 махалла аумағында 107 мегаватт күн электр станциялары орнатылады. Бұл әлеуметтік жоба кенінен жүзеге асырылады, ал 30 мың кембағал отбасына “жасыл” энергия кіреді. Олар артық электр энергиясын электр желісіне ауыстыру арқылы табыс табады.

Кәсіпкерлеріміз де су ресурстарын тиімді пайдаланып, биыл 40 мегаватт шағын және микро ГЭС-тер салды. Нәтижесінде 120 миллион киловатт-сағат электр энергиясы өндірілді және олар қосымша табыс көзіне ие болды.

Келесі жылы 65 мегаватт шағын және микро ГЭС-тер салынады. Осы жобалардың арқасында 80 мың үй шаруашылығын электрмен жабдықтау түбегейлі жақсарады.

Төртіншіден, жақында Бразилияда өткен COP-30 климаттық конференциясында біз өз бастамамызбен Париж келісімі бойынша маңызды міндеттеме алдық. Яғни, біз 2035 жылға қарай зиянды газдар эмиссиясын 50 пайызға азайту мақсатын қойдық.

Осыған байланысты Дүниежүзілік банкпен бірлесіп әлемдегі алғашқы инновациялық “iCRAFT” жобасын іске қостық. Оның аясында Өзбекстан азайтқан 23 миллион тонна

парниктік газдар ескерілді. Осыған байланысты біз көміртегі несие жүйесін іске қостық және халықаралық деңгейде көміртегі бірлігімен сауда жасай бастадық.

Айта кету керек, тек биылдың өзінде 17 ірі өнеркәсіптік кәсіпорымыз “жасыл” энергия бойынша халықаралық сертификаттау жүйесіне көшті. Олар өндірісін 30 пайызын “таза” энергияға ауыстырағандықтан, олардың өнімдерінің халықаралық базарлардағы тартымдылығы күрт артып келеді. Алдағы екі жылда мұндай кәсіпорындар санын 100-ге дейін арттырамыз.

Бесіншіден, соңғы жылдары генерациялық қуатымызды айтарлықтай арттырдық және бірыңғай энергетика базарын құру үшін көршілес елдермен серіктестігімізді нығайттық.

Аймағымыздың гидроэнергетикалық әлеуетін тиімді пайдалану және бірлесіп басқару мақсатында келесі жылы Қырғызстан және Қазақстанмен бірге Қамбар-Ата ГЭС-1 жобасын қаржыландыруға бастаймыз.

Осыған байланысты, Еуропаға электр энергиясын экспорттау бойынша “жасыл дәліз” жобасы аясында тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеп жатқан Өзербайжан мен Қазақстан басшылығының табанды күш-жігерін ерекше атап өткім келеді.

Құрметті шараға қатысушылар! Бүгін біз іске қосып жатқан барлық жобаларымыз экономикалық өсімді қамтамасыз етеді және болашақ ұрпақтарымыз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осындай жедел әрекеттер мен бастамалармен біз жаңа үлгідегі заманауи энергетикалық жүйені толықтай құратынымыз сөзсіз.

Сөзімнің соңында энергетика саласының өкiлдерiне, барлық жұмысшыларға, инженерлерге және осы жобаларға белсенді қатысып жатқан шетелдік серіктестерімізге тағы да шын жүректен алғысымды білдіремін.

Баршанызға мықты денсаулық, мол күш-қуат және сәттілік тілеймін.

ШЕТЕЛДІК ДЕЛЕГАЦИЯЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

БАӨ компанияларының басшылары Президентімізге жел электр станциясы мен энергия сақтау қондырғыларын, су электр станцияларын салу жоспарлары және тазарту қондырғылары құрылысының барысы туралы хабарлады.

Түркия Республикасының энергетика және табиғи ресурстар министрі Алпарслан Байрақдор бастаған делегациясымен кездесуде, сондай-ақ Түркияның жетекші “AKSA” компаниясының басшысы Жамил Казанчи және “Cengiz Energy” компаниясының басшысы Ахмет Чингиз қатысты.

Кездесу басында мемлекетіміз басшысына жоғары мәртебелі қонақ Түркия Президенті Режеп Тайып Эрдоғанның сәлемі мен шынайы тілқектерін жеткізді.

Өзбекстан мен Түркия арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестік пен көпқырлы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Екіжақты ынтымақтастықтың жоғары деңгейге жеткені үлкен қанағаттанушылықпен атап өтілді. Өзара сауда және инвестициялық көрсеткіштер, бірлескен кәсіпорындар саны және тікелей әуе қатынасы артып келеді.

Түрік компанияларының еліміздегі тиімді қызметі, олармен бірге жалпы қуаты 1,8 гигаватт болатын 1 миллиард долларлық заманауи электр станцияларын салу бойынша бірлескен жобаларды сәтті жүзеге асыру ерекше атап өтілді.

Энергетика және геология салаларындағы жаңа ынтымақтастық жобаларын, соның ішінде заманауи технологияларды жергіліктендіруді, энергетикалық жабдыктар өндірісін, тарату желілерін басқаруды жетілдіруді, болашағы зор кен орындарын бірлесіп игеруді және сала үшін кадрларды даярлауды ілгерілетуге ерекше назар аударылды.

Өзербайжан Республикасының энергетика министрі Парвиз Шахбозовпен кездесу басында жоғары мәртебелі қонақ мемлекетіміздің басшысына Өзербайжан Президенті Илхам Алиевтың шынайы сәлемі мен жылы лебіздерін жеткізді.

Өзбекстан — Өзербайжан стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі кеңейту және тереңдету мәселелері талқыланды.

Барлық деңгейдегі байланыстардың белсенді екендігі, сауда айналымының тұрақты түрде өскені және энергетика саласында табысты ынтымақтастық жүзеге асырылып жатқаны ризашылықпен атап өтілді.

Мұнай-газ саласында, геологиялық барлау істерінде, “жасыл” энергетикасы дамытуда және химия өнеркәсібінде бірлескен жобаларды ілгерілетудің маңыздылығы айтылды.

Қырғыз Республикасының энергетика министрі Таалайбек Ибраевпен кездесу басында жоғары мәртебелі қонақ Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровтың мемлекетіміздің басшысына жолдаған шынайы сәлемін жеткізді.

Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік қарым-қатынастарын, соның ішінде энергетика саласын одан әрі нығайту мәселелері қаралды.

Екіжақты қарым-қатынастардың жоғары қарқынмен дамып келе жатқаны ризашылықпен атап өтілді. Биылғы жылдың басынан бері сауда айналымы 17 пайызға өсті, ал жүк тасымалдау көлемі артып келеді. Экономиканың басым салаларындағы кооперациялық жобалар сәтті жүзеге асырылуда.

Энергетика саласында өзара тиімді ынтымақтастық орнады. Электр энергиясы тұрақты түрде жеткізіліп, транзиттеліп келеді, сондай-ақ “жасыл” энергетика саласындағы болашағы зор жобалар дамып келеді.

Өзбекстан басшысы суэнергетикасы саласындағы ынтымақтастықты тереңдетудің және аймақтық маңызды бар бірлескен жобаларды, ең алдымен Қамбар-Ата ГЭС-1 құрылысы жобасын тиімді түрде ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті.

Қытай Халықаралық коммуникация орталығының төрағасы Лун Юйсяньмен кездесуде жаңа дәуірде Өзбекстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастарын одан әрі дамыту және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды.

Орталықтың еліміз бен Қытай арасындағы көпқырлы ынтымақтастықты нығайтуға үлкен үлес қосатыны атап өтілді.

Инфрақұрылымды дамыту, инвестициялар және “жасыл” өнеркәсіпте бірқатар жобалар бірлесіп жүзеге асырылды. Геология және ауыл шаруашылығы салаларында жалпы құны 1 миллиард доллардан асатын жобалар әзірленуде.

Білім, ғылым, мәдениет және туризм салаларында белсенді алмасу-

ларды жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді.

1984 жылы құрылған орталық әлемнің 160-тан астам елімен мәдени, ғылыми және білім беру бойынша байланыстарды орнатқан. Оның үш халықаралық өкілеттігі бар.

Қытайдың жетекші компаниялары басшыларымен келіссөздер барысында іс жүзіндік ынтымақтастықты кеңейту, энергетика саласында заманауи технологиялар мен инженерлік шешімдерді енгізуге бағытталған өзара мүдделі кооперациялық жобаларды ілгерілету мәселелері талқыланды.

Қытай компанияларының Өзбекстандағы жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытып жатқаны қанағаттанушылықпен атап өтілді. Тек биылғы жылы Қытайдан 15 миллиард доллардан астам тікелей инвестицияларды игеру жоспарлануда, ал бірлескен жобалардың жалпы портфелі шамамен 90 миллиард долларды құрауда.

Көпқырлы ынтымақтастықтың маңызды саласы ретінде энергетика саласына ерекше назар аударылды. Қытайлық серіктестердің қатысуымен жалпы қуаты шамамен 10 гигаватт және құны 9 миллиард доллардан асатын 30-дан астам жоба жүзеге асырылуда. Бүгінде шамамен 2 миллиард долларлық қосымша 14 жоба іске қосылды.

“China Datang” компаниясының президенті Чжоу Юаньлунмен қолданыстағы фотоэлектр станцияларын кеңейту, жанааларын салу және қосымша сақтау қуаттарын құру жоспарлары талқыланды.

Компанияның кадрларды оқыту, ғылыми-зерттеу зертханасын ашу және ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығында жанартылатын энергия технологияларын енгізу жөніндегі бастамалары қолдау тапты.

“China Energy Engineering Corporation” компаниясының басшысы Сюй Люмен сұхбатта еліміздің аумақтарында күн электр станциялары мен энергия сақтау жүйелерін салу бойынша бірлескен іс-әрекеттер жоғары бағаланды.

Баламалы энергия мен жоғары вольтты желілерді дамыту жобаларын ілгерілетудің маңыздылығы атап өтілді.

“Sinoma Energy” компаниясының төрағасы Мэн Цинлинь жел электр станциясы мен жел турбиналарына арналған қалақтарды жергіліктендіру зауыты құрылысының барысы туралы баяндады. Сондай-ақ, компания химия және құрылыс салаларындағы қалдықтарды өңдеу үшін ұсынатын технологиялық шешімдер туралы пікір алмасты. Бұл жобалар бойынша жұмысты жеделдету қажеттілігі атап өтілді.

“Universal Energy” компаниясының бас директоры Нан Йимен еліміздің аймақтарында жел электр станцияларының құрылысын жеделдету шаралары талқыланды.

“China General Technology” компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Кан Хубоюмен жаңадан іске қосылған когенерациялық станцияның тиімді жұмысы талқыланды. Компанияның Өзбекстандағы инвестициялық қызметін кеңейту туралы келісімге қол жеткізілді.

Мемлекетіміз басшысы “Poly Changda Engineering” компаниясының бас директоры Мяо Цзунчунның бүгін іске қосылған күн электр станциясының қисынды жалғасы ретінде келесі жылы энергия сақтау жүйесін салу жоспарларын қолдады.

Өзбекстан — Сауд Іскерлік кеңесінің төнөрағасы “ACWA Power” компаниясының басшысы Мухаммад Абунаниян бастаған Сауд Арабиясы компанияларының делегациясымен кездесуде тараптар іс жүзіндік ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және басымдықты бірлескен жобаларды жеделдету мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Өзбекстанның “жасыл” энергетика саласындағы стратегиялық инвестор “ACWA Power” компаниясымен жемісті ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын үлкен қанағаттанушылықпен айтты.

Бүгін бірнеше бірлескен жобаларды іске қосу рәсімі өтті: электр желісіне қуаты 752 мегаватт болатын 4 жел электр станциясы қосылды, ал Қарақалпақстан Республикасы мен Бұхара облысында жалпы қуаты 2,3 гигаватт болатын 5 электр станциясының және 300 мегаватт энергия сақтау жүйесінің құрылысы басталды.

Сонымен қатар, Самарканд облысын Ташкент облысымен және Қарақалпақстан Республикасымен Бұхара облысымен байланыстыратын жалпы ұзындығы 1790 шақырым болатын 500 киловольттық электр беру желісінің құрылысы басталды.

Кездесу барысында энергетика және көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардағы кооперациялық жобаларды ілгерілетуге ерекше назар аударылды.

ӨЗА

АЗМИДДИН САДРИДДИНОВИЧ САДРИДДИНОВ

Машинажасау саласындағы танымал ғалым, Ташкент мемлекеттік техникалық университетінің профессоры, Өзбекстанның еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы механизаторы Азмиддин Садриддинович Садриддинов осы жылдың 4 декабрь күні 89 жасында қайтыс болды.

А.Садриддинов 1936 жылы 26 июнде Ташкент қаласында зиялы отбасында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Ташкент желі өнеркәсіп институтында механик-инженер мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын Орта Азия политехникалық институтында (қазіргі Ташкент мемлекеттік техникалық университеті) аға зертханашы



болып бастаған. Осы оқу орнының аспирантурасында оқып, алдымен кандидаттық, содан соң докторлық диссертацияларын қорғаған.

Дарынды ғалым Ташкент мемлекеттік техникалық университетінің аға оқытушысы, доцент, Механика, Трактор және ауыл шаруа-

шылығы машинажасау факультеттерінің деканы, бірінші проректор, профессор, Министрлер Кабинеті жанындағы Ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Ташкент облыстық бөлімінің басшысы сияқты лауазымдарда тиімді жұмыс атқарып, елімізде жоғары білікті кадрларды даярлау, ауыл шаруашылығы саласын механикаландыру бойынша ғылыми әзірлемелер мен оқулықтарды заманауи талаптарға сәйкес дайындау және оларды іс жүзінде енгізу үдерістеріне лайықты үлес қосты.

Еңбеккор ғалым және ұстаз 65 жылдан астам көпқырлы қызметі барысында мақта жинау машинала-

рын жетілдіру бойынша жемісті зерттеулер жүргізіп, осы салада көптеген мақалалар, кітапшалар мен монографиялар, практикалық қолданбалар мен әдістемелік нұсқаулықтар жазды. Атап айтқанда, ол агроөнеркәсіпті дамыту үшін маңызды 40-тан астам ғылыми жобаларды, мемлекеттік гранттар мен шаруашылық келісімшарттары негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқарды және еліміздің ауыл шаруашылығында техникалық және технологиялық реформаларды жүзеге асыруда үлкен маңызға ие болған мақта жинау машиналарын жетілдіру бойынша зертханалық базаның негізін қалады.

**Ш.МИРЗИЯЕВ,
Т.НОРБОВЕВА,
Н.ИСМОИЛОВ, А.АРИПОВ**

“Болашақ мұғалім” концепциясы

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазіргі жаһандану және цифрлық трансформация дәуірінде мұғалімге қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде. Қазір мұғалім тек білім беруші ретінде ғана емес, сонымен қатар цифрлық білімі бар, инновацияға ашық, өз бетінше талдай алатын және оқушының жеке басын дамытуға бағытталған маман ретінде қалыптасуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінде бекітілген “Болашақ мұғалім” концепциясы заманауи мұғалімді даярлаудың стратегиялық бағыттарын анықтады. Бұл концепция жаратылыстану ғылымдары факультетінің қызметінде ерекше маңызды рөл атқарады, білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды енгізуде іс жүзіндік нәтижелер береді.

Жаратылыстану ғылымдарын оқытудағы цифрлық технологиялар студенттерге ғылыми ойлауды дамытуға, күрделі үдерістерді модельдеуге және нәтижелерді талдауға мүмкіндік береді. Биология, химия, экология, география сияқты салаларда интербелсенді бағдарламалар, виртуалды зертханалар, электронды оқулықтар, цифрлық тестілеу жүйелері және онлайн эксперименттер оқу үдерісін жандандырып, студенттердің белсенділігін өзіндік зерттеулерге бағыттайды. Мысалы, модельдеу бағдарламала-

ры эксперименттерді қауіпсіз және дәл модельдеуге, экологиялық үдерістерді динамикалық түрде талдауға немесе химиялық реакцияларды көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар факультетте “Естідім, көрдім, істедім” қағидатына негізделген “Тірі табиғат бұрышы” бар және факультет аумағында студенттердің теориялық білімдерін практикамен тікелей біріктіруді қамтамасыз ету үшін арнайы жылыжайлар құрылды. Сондай-ақ дәрілік және емдік өсімдіктермен жүргізілетін эксперименттік жұмыстарды

тәжірибеде толық енгізу және халық медицинасында алынған оң нәтижелерді кеңінен насихаттау мақсатында “Фитобар” каталогы жасалғанын атап өткен жөн. Жоғарыда айтылғандардың барлығы болашақ мұғалімдердің күтілетін дағдыларын дамытады және “Болашақ мұғалім” концепциясында анықталған құзыреттіліктерді қалыптастыруға қызмет етеді.

Сонымен қатар цифрлық технологиялар оқытушыларға ғылыми зерттеулермен айналысуға, қашықтықтан ынтымақтастық орнатуға және халықаралық тәжірибені зерттеуге кең мүмкіндіктер туғызады. Факультеттегі оқыту үдерісіне “Google Classroom”, “Moodle”, “Kahoot!”, “PhET”, “Labster” сияқты платформалардың енгізілуі студенттердің өзіндік жұмыс дағдыларын нығайтады. Сондай-ақ цифрлық контент банкі, бейне-зертханалық сабақтар және студенттер үшін жасалған интербелсенді жаттығулар жиынтығы заманауи оқу материалдарын үнемі жанартып отыруға мүмкіндік береді. Осы үдерістердің нәтижесінде жаратылыстану ғылымдары мұғалімдері ақпараттық технологияларды қолдана отырып, білім берудің тиімділігін арттыруда практикалық тәжірибе жинақтайды.

“Болашақ мұғалім” концепциясын Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің басшылығымен жүйелі басқару негізінде бірізді түрде енгізу жол-

ға қойылды. Атап айтқанда, Өзбекстан ғылым қайраткері Ғафуржон Мухамедов концепцияны ғылыми-инновациялық, оқу-әдістемелік және рухани-ағарту үдерісінде енгізуді басқарып келеді. Оның бастамасымен факультеттерде цифрлық білім беру ресурстарын құру, инновациялық тәсілдерді енгізу және әдістемелік ынтымақтастықты нығайту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде, университеттегі мұғалімдерді даярлау жүйесі заманауи педагогикалық және цифрлық қағидаттарға негізделген жетілдірілуде, ал оқу үдерісінің тиімділігі артауда.

“Болашақ мұғалім” концепциясы аясында жаратылыстану ғылымдары факультеті өткізетін семинарларда, шеберлік сабақтарында және әдістемелік кездесулерде мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыруға ерекше назар аударылады. Бұл сабақтың тиімділігін ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің имиджін де нығайтады. Өйткені заманауи педагог өзінің кәсіби қызметін цифрлық ортада тиімді ұйымдастыра алса ғана “Болашақ мұғалімі” атағына лайықты деп айту артық емес.

Атаназар РАХИМОВ, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Маман кеңесі

ЖЕЛКЕ ТАРТЫП БАС АУЫРСА ҚАНДАЙ АУРУДЫҢ БЕЛГІСІ?

Кейде желкенің жағымсыз, азапты ауырғаны ауыр дерттің хабаршысы болуы мүмкін. Өсіресе ауырсыну созылмалы түрде жиі қайталанып тұрса. Егер ол ауық-ауық, қосалқы белгілерсіз өтсе, бұл – шаршағандық пен қажудың әсері.

Желкенің ауру түрлері мен себептері
Остеохондрозбен ауыратын адамның желкесі солқылдап, батып, қысылып ауырады. Әдетте ол бұлшықеттердің қажуынан, бас қалпының қате орналасуынан болады. Қосалқы белгілері: есту қабілетінің нашарлауы, көздің бұлдырлауы.
Мойын остеохондрозы кезінде кей жағдайда бас сақинасы ұстайды. Желке тұсы кеңет шыдатпай ауыра бастап, саймай мен қабақ үстіне дейін жайылады. Онымен бірге құлақ шуылдап, көз қарауытады.
Омыртканың қабынуы кезінде мойын, иық, бұғана, желке тұстары ауырады да, қолды қозғалту қиындайды.
Мойын спондилезі — мойын шеміршегі мен сүйегінің (мойын омыртқалардың) тозуымен сипатталатын ауру. Көбінесе бұл жас ерекшеліктерімен байланысты. Мойынның қозғалғыштығы бәсеңдеп, желке не созылмалы, не үнемі ауыра бастайды. Кейде бұл ауру көз бен құлаққа дейін таралуы мүмкін.
Жұмысқа көп қозғалмайтын, бір орында отыратын адамдар да бас пен желкенің ауруына шағымданады. Әдетте, бір-екі жаттығудан кейін демалыстан өзі-ақ жазылып кетеді. Аяқ асыя стресс те желкенің ауыруына себеп болады. Өсіресе бұндай белгілер 30 жастан асқан әйелдерде басталады.
Желке тартып бас ауырғаның қалай емдейді? Желке тартып басыңыз ауырса сізге терапевт, невролог, травматолог, кардиолог және ортодонт дұрыс диагноз қоюға көмектеседі. Қойылған диагнозға байланысты ем қабылданады. Массаж, колмен емдеу, физиотерапия (электрофорез, магнитотерапия, ультродыбыстық терапия), дене шынықтыру арқылы ауруды емдеуге болады. Дерттің асқынған түрінде дәрігер арнайы антибиотектер тағайындайды.
Желкенің ауыруын басуға мына заттар: бөлмені желдету мен ылғалдандыру, айкай-шудан тынығу, күннің астында отырмау, біраз уақыт қатты жарық жерлерден алшақ жүру, сондай ақ желкенін массаж, мойынға арналған орамажақпырақ компресі, шөпті шайлар (жеке, жалғыз, сәлбен) және ортопедиялық жастықтар көмектеседі.

Ш.СЕЙТОВА, И.ЗАРИПОВА, Қарақалпақстан Республикасы “Тақиатас Қарттар мен мүгедектігі болған тұлғалар, соғыс және еңбек ардагерлері” санаторийінің медбикелері.

Газбен толық қамтылмақ

ҚЫС МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ

Қарақалпақстан Республикасы “Тахиатосттумангаз” кәсіпорны 2025-2026 жылғы күз-қыс мезгіліне дайындық жұмыстарын қызу жүргізуде. Ауданда жалпы 14 мыңнан астам табиғи газ тұтынушысы болып, оларға 100 пайыз электронды газ қондырғыларын орнатылған. Қазірде күз-қыс маусымына дайындық жұмыстарын мақсатқа сай өткізу үшін жерасты газ тармақтарын жөндеу жұмыстары басталып кетті.

Атап айтқанда, газ желілерін реконструкциялау жоспары 9,9 километр болып, оның ішінде “Кенегес” ААЖ аумағындағы 1,5 километр жерасты жоғары қысымды D-273 мм газ желісі жер үстіне шығарылып, “Құсшылық” МАЖ аумағындағы 2,5 километр жерасты орта қысымды D-219 мм газ желісіне реконструкция жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ “Абат мекен” МАЖ аумағындағы 1,8 километр жерасты орташа қысымды D-219 мм газ желісі де жер үстіне шығарылды. “Нұрлы Келешек” МАЖ аумағындағы 1,0 км жерасты орташа қысымды D-219

мм газ желісі және “Найманкөл” ААЖ аумағындағы тұтынушыларды табиғи газбен қамтамасыз ететін 1,5 километр жерасты орташа қысымды D-219 мм газ желісі жер үстіне шығарылып, реконструкция жұмыстары жүргізілді. Қорыта айтқанда, жүзеге асырылған реконструкция жұмыстарының нәтижесінде 8572 қожалықтың табиғи газды пайдалану жағдайлары жақсарды.

Нұрбану ДӨЛИШЕВА, Қарақалпақстан Республикасы, “Тахиатосттумангаздың” жетекші маманы.

Медицина

ТҰМАУДАН БАЛАҢЫЗДЫ САҚТАҢЫЗ

Салқын ауа температурасы төмендеп, маусымдық жұқпалы ауруларға қолайлы орта пайда бола бастады. Өсіресе, балалар ағзасы мұндай климатқа өте сезімтал. Нәтижесінде олардың арасында тыныс жолдарына байланысты вирустық респираторлық ауруларға шалдығу артады.

Сондықтан әр ата-ана баласын маусымдық аурулардан қорғауда барынша сақ болған жөн. Қош, не нәрсеге көп назар аудару керек?
Бұл сұраққа медицина ғылымдарының докторы, профессор Фуркат Шамсиев егжей-тегжейлі жауап берді.
— Күз-қыс мезгілі тұмау мен өткір респираторлық вирустық инфекциялардың таралуына қолайлы кезең, — дейді маман. — Өсіресе, қазіргі уақытта балалар арасында тыныс алу жолдарының түрлі жұқпалы аурулары, атап айтқанда ОРВИ жиі кездесуде.
Жаңбырлы күндер мен суық ауа райына байланысты ағзаның

вирустармен күресу қабілеті төмендейді.
Мұндай маусымдық инфекциялардың алдын алу үшін ата-аналар ең алдымен балаларына жеке гигиена ережелерін үйретуі қажет. Атап айтқанда, балалар қолды сабынмен үнемі жуу немесе антисептикалық заттарды қолдану әдетін қалыптастыру керек. Өйткені бұл — вирустардан қорғайтын ең маңызды фактор.
Сондай-ақ бетіңізді немесе көзіңізді жылы ұстау, бөлмелерді үнемі желдету, түшкіргенде, жөтелгенде ауыз бен мұрынды қол орамалмен немесе шынтақпен жабу маңызды.
Егер сізде суық тию белгілері



болса, балаларыңызды мектепке жібермеген жөн.
Дене қызуы көтерілген баланың тамағын йодпен немесе зеленкамен сүрту әдеттегі қате. Өйткені жас науқастың тыныс алу жолдарының шырышты қабаты өте нәзік және вирус әсерінен қабынып, ісініп кетуі мүмкін.
Жоғарыда аталған жақпалар қолданылса, шырышты қабат жарақаттанып, ісіну күшейеді. Нәтижесінде ларингит немесе басқа



Азық-түлік қауіпсіздігі

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ташкент мемлекеттік аграрлық университетінде “Елдің тұрақты дамуындағы азық-түлік және азық-түлік өнімдері қауіпсіздігінің рөлі” тақырыбында дөңгелек үстел сұхбаты өтті.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметкерлері, Өзбекстанның “Аграр саласының әйелдері” ұйымының өкілдері және ауыл шаруашылығы мамандары қатысқан іс-шарада алдымен азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты бірқатар өзекті мәселелер талқыланды.
Бағыттың жаһандық маңызы, халықаралық стандарттарға сәйкес заманауи басқару тәсілдерінің рөлі және тәуекелдерді азайту механизмдері де атап өтілді.
Шара барысында азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігінің айырмашылығы және олардың өзектілігі туралы анимациялық фильм көрсетілді. Бұл тұсаукесер қатысушылар арасында

тақырып туралы нақты және дұрыс түсінік қалыптастыруға көмектесті.
Осыдан кейін сала қызметкерлері студенттер мен магистранттарды жаңа буын оқу бағдарламаларындағы өзгерістер, халықаралық стандарттарды білім беру үдерісіне енгізу және тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерінің артықшылықтары туралы хабардар етті. Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ғылыми зерттеулердің өзектілігі, олардың практикалық нәтижелері, жеміс-жидек пен көкөністерді сақтаудың сенімді және стандартқа сай технологиялары, сондай-ақ бұл жүйелердің экономикалық тиімділігі егжей-тегжейлі түсіндірілді.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ

Жуырда Ауыл шаруашылығы министрі И.Абдурахмонов пен Польшаның Ауыл шаруашылығы және ауылдарды дамыту министрі Стефан Кражевский бастаған поляк делегациясы астанамызда өтіп жатқан “AgroExpo Uzbekistan 2025” халықаралық көрмесіне барды.

Делегация мүшелері көрме павильондарын аралап, шетелдік және жергілікті компаниялар ұсынған ең соңғы үлгідегі ауыл шаруашылығы техникасымен, заманауи агротехнологиялармен және инновациялық шешімдермен танысты.
Атап айтқанда, делегацияның жаңа буын тракторлары мен комбайндары, дәл егінішілікке арналған сенсорлық жүйелер, дронмен бақылау технологиялары, су үнемдейтін суару жабдықтары және мал шаруашылығына арналған заманауи жем дайындау кешендер қызықтырды.
Сапар барысында министрлер Иброхим Абдурахмонов пен Стефан Кражевский Польшаның ұлттық павильонына да барып, онда ұсынылған жетістіктерді бірге қарап шықты. Павильондағы инновация рухы мен заманауи технологиялардың көрсетілуі екі ел арасындағы ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықтың зор болашағын айқын көрсетті. Министрлер жетекші поляк компанияларының өкілдерімен мазмұнды диалог жүргізіп, олар ұсынған озық шешімдермен танысты.
Кездесу барысында тараптар өзара

ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру және болашағы зор салалардағы бірлескен жобаларды кеңейту бойынша бірқатар ұсыныстар мен бастамалар ұсынды.
Польша делегациясы көрменің қызметін жоғары бағалап, мұндай халықаралық платформаларды үнемі ұйымдастыру ауыл шаруашылығы саласы үшін жақсы мүмкіндік және практикалық маңызға ие екенін атап өтті.
Қонақтар, сондай-ақ цифрлы басқару платформаларын, топырақ құнарлылығын анықтауға арналған ақылды сенсорлық жүйелерді, энергия үнемдейтін жабдықтарды және ауыл шаруашылығы үдерістерін автоматтандыруға бағытталған инновацияларды қарап шықты.
“AgroExpo Uzbekistan 2025” көрмесіне осындай жоғары деңгейдегі сапарлар Өзбекстанның ауыл шаруашылығы саласына халықаралық қызығушылықтың артып келе жатқанының тағы бір дәлелі болды.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Ақпарат қызметі.

препараттарды беру оның терморегуляция жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.
Сонымен қатар, аллергиялық жөтел, астма немесе жоғарғы тыныс жолдарының қабынуы бар болған балалар болса, белмеде адыраспан түтету ұсынылмайды. Өйткені түтін қандағы спазмды арттырады және жөтелді күшейтеді.
Суықтау немесе дене қызуы көтерілгенде сұйықтықты көп мөлшерде ішу ауруды тезірек жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар, баланы дұрыс және құнарлы тамақтандыру, дене шынықтыру және созылмалы инфекция ошақтарын жою маусымдық аурулардың алдын алуға көмектеседі.
Сонымен қатар, ұл-қыздарға анемияны емдеуге арналған D дәрумені, аскорбин қышқылы, мырыш және селен ерітіндісін, сондай-ақ қан аздықты емдеу мақсатында темір препараттарын беру дененің тыныс алу жолдарының ауруларына қарсы түру қабілетін арттырады.
Күз-қысқы маусымдық вирустық ауруларға қарсы вакцинациялау да аурудан қорғандың тиімді әдісі болып табылады.
Денсаулық сақтау министрлігінің Баспасөз қызметі.

